

Тайландпен бірге игеріліп жатқан аудан Тайланд шығанағында Малайзия мен Тайланд шекарасы ортасында орналасқан.

Cakeravala газоконденсатты кен орнын меңгеру үш бұрғылау платформасынан тұрады: өнімді дайындау платформасы газ сығымдаушы қондырғысы бар платформа, FSO-ға қарай ұзындығы 2 км конденсат желісі. Газ платформадан диаметрі 30 дюйм, ұзындығы 255 км болатын құбыр арқылы Тайландтағы ГПЗ-ға (газ өңдеу зауыты) тасмалданады. Алғашқы газдың келуі 2014 жылға қарсы күтілуде.

Малайзия бұғазы шельфінде өндірілген газ, газ құбыры желісі арқылы жағаға келіп түседі. (Терренгану штаты, Kerteh зауыты). Қазіргі таңда Exxon компаниясы Jawit, Bintang, Jernet кен орындарының жағалауымен байланыстыратын құбыржелісі жүйесін құруда. Bintang кен орнынан алғашқы газ алынды (максималды өндіріс 355 млн. куб.фут тәулігіне). Кен орыннан барлығы 1 трлн. куб.фут газ алынды.

Саравак штаты шельфінде өндірілген газ бен конденсат, Бинтулу жағасындағы еріту зауытына құбыр арқылы келіп түседі, ол 22,6 млн тонна жыл СПГ (еріген табиғи газ) өндіріледі. Ол ең ірі газ еріткіш зауыты болып саналады. Штаттың қорының 85%-ы Бинтулу ауданы жағалауында орналасқан Jintan, Heland, Serai және тағы бірнеше кен орындардың газ қоры 6 трлн. куб.футты құрайды. Ішіндегі ең ірісі Jintan (2,4 трлн. куб.фут). Jintan кен орнынан өндірілген газ конденсаттан айырылып, дегидрацияланып, алынған екі фазды қоспа диаметрі 36 дюйм, ұзындығы 148 км құбыр арқылы пайдалану платформасынан манифольд платформасына келіп түседі. Онда ол Heland кен орнынан келіп түскен екі фазалы қоспамен бірігіп диаметрі 32 дюйм, ұзындығы 99 км құбырмен жағаға тасымалданады. Жағаға жеткізу үшін әрқайсысы диаметрі 22 дюйм, ұзындығы 119 км болатын құбыр қызмет атқарады. Сабах штаты жағалауындағы ERB WEST кен орнынан өндірілген газ ұзындығы 65 км құбыр арқылы штат астанасы жанындағы газ терминалына келіп түседі.

Филиппин

Филиппин бүгінгі күні дәлелденген 3,8 трлн. куб.фут газ қорына ие, бірақ қарқынды өндіріс тек 1991 ж Малампая кен орнын игергеннен кейін басталды. Ол оңтүстік Қытай теңізінде орналасқан, және оның жалпы қоры 2,6 трлн. куб.фут газды құрайды. Онда өндірілген көмірсутекті мемлекет тек өз қажеттіліктеріне ғана жұмсайды.

Мемлекет ірі Филиппин-Лузой аралын 30% электроэнергиясымен қамтамасыз етіп тұрған, үш электрстанциясын газбен қамтамасыз ететін терең сулы Малампая кен орнында газ өндіру бойынша ірі масштабты жобаны іске асыруда. Бұл кен орыны Филиппин аралдарының жанында орналасқан. Тереңсулы ұңғыдан өндірілген газ ұңғыдан 30 км қашықтықта және аз тереңдікте орнатылған теңіз платформасына диаметрі 400 мм қос құбыр арқылы келіп түседі. Су мен конденсат платформада бөлініп, өңделеді. Конденсат тұрақтанады, одан кейін нақты жағадан танкерлерге жүктеледі.